



# Ақмешіт

12 қараша  
сейсенбі  
№90 (2100)  
2024 жыл


## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: [akmeshit.kz@mail.ru](mailto:akmeshit.kz@mail.ru)

# КӨШ БАСЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА

Сұлу Сырдың бас қаласы, Алаштың алғашқы астанасы Қызылорда – бүгінде күн санап көркейіп келе жатқан өңірлердің бірі. Қай бағыттан қарасаңыз да, байтақ республиканың төрінде көш бастап келеді. Ілкіміз істер мен байыпты бастамалардың орталығына айналған. Бүгін біз шаһардың даму динамикасына көз жүгіртіп, кеңірек тоқталғанды жөн көрдік.



– Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруімен облыстың бюджеті 2 жарым жылда 364 млрд теңгеден 744 млрд теңгеге жетіп, 2 есеге артты. Сәйкесінше қала бюджеті жыл басындағы бекітілген 58,2 млрд теңгеден 110,7 млрд теңгеге бекітілді. Макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша Сыр өңірі республикада жыл басынан бүгінгі күнге дейін алдыңғы қатарда келеді. Бұл бағытта Қызылорда қаласында да қарқынды жұмыстар жүргізілуде, – деген еді қала әкімі Нұржан Ахатов.

Өңірде өнеркәсіп өндірісіне ерекше мән берілуде. Тіпті, халық арасында тың бастамаларды қолдап, қаржыландыру мәселесі де шешілген. Бұл өзімізге қажеттіні өзіміз өндіруіміз керекін ойға салады. Бұл бағытта Нұржан Сәбитұлы биылдың өзінде екі жоба іске қосылғанын айтады.

– Оның бірі – «Orda Glass LTD» ЖШС энергия үнемдейтін шыны өндірісі жобасы. Ал екіншісі – «Строительно-Транспортная Компания» ЖШС-нің металл конструкция өндірісі жобасы. Екеуі де өз салмағы бар ірі жобалар қатарына жатады. Бұдан бөлек, алдағы уақытта бұл салада жоғары технологиялық айна шығару, шыңдалған шыны және табақшы шыныны өндіру зауытын кеңейту, қатты қалдықтарды сұрыптау мен қайту өңдеу жобаларын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, – деді қала әкімі.

2-БЕТТЕ

# ТАРИФ ҚЫМБАТТАСА ДА, ГАЗЕТ ҚЫМБАТТАҒАН ЖОҚ

«Қараша-Желтоқсанмен сол бір екі ай» деп ұлы Абай өлеңінде айтылғандай, қыс қамы алдындағы қарбалас уақыт. Қараша айы қыстың хабаршысындай екені белгілі. Жайбаракат мезгіл артта қалып, елдің қысқы отын-суын, қыс азығын түгендеп, тіпті биылғы қыс қалай болар екен деп ауа-райы болжамына дейін үңілетін, базардағы бағаны да бір шолып, қыс дайындығын пысықтай түсетін мезгіл. Ал біз үшін қараша айы газетке жазылу науқанының қыза түскен шағы. Жасыратыны жоқ, жылына екі рет оқырман саны қалай болар екен деп қобалжитынымыз бар. Себебі технократтар дәуірінде жаңа медиа дәстүрлі медиамен бәсекеде газет оқытандар қатары жыл сайын азайып бара жатқанын да мойындаймыз. Ақпарат алақандағы смартфонда деп түсінетіндер де бар. Жылдам



## СҰРАНЫСҚА САЙ БОЛУ МАМАНДЫҚТЫ СҮЮДЕН БАСТАЛАДЫ



«Статистикалық деректерге жүгінесек», деп басталатын талай туындыны, ақпарат пен сараптамалық макаланы оқып жүрміз. Бірақ сол статистикалық деректі кім жасайды, қайдан келеді, қалай жинақталады деген сауалға ойланым қалармыз анық. Қызметінде ұқыптылық пен жауапкершілікті нықтап, адамдық пен мамандықты қатар алып жүрген білікті маман Гүлнара Аяшова – осы салаға 40 жылдан астам уақытын арнаған жан. Бүгінде ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы басқармасының бас маманы қызметін абыроймен атқарып келеді.

– Біздің саланың ең басты талабы – ұқыптылық, сараптай білу және білуге деген құштарлық, – деп бастады әңгімесін Гүлнара Қапанқызы. Оның көз жанарынан білімге, тәжірибеге жинауға деген құлшынысы байқалды. – Қазір күн санап қоғам дамып келеді. Бір сәт аялдасаң, кейінгің ілгеріге шығады. Ал өзін көштің соңына сырғысың. Сондықтан білім алуға, тәжірибеге жинауға тоқтамау керек. Мен бұл салаға 1983 жылы келдім. Ол кездері есепшіліктер телефонмен немесе қағаз жүзінде қабылданып, облыстық қорытындылар есепшотпен есептелінетін. ЕС ЭВМ машиналары біздің облысқа да келді. Қазіргі кезде заман жанарып, электронды цифрлық кезеңде респонденттер жұмыс орнынан шықпай-ақ ИАЖ «Е-статистика» жүйесі арқылы есепті онлайн түрінде тапсырады. Бұл – біздің жеткен жетістігіміз.

Калькулятордың өзі кейін келді. Мұнан соң алдымен ЭЕМ машина-

лары келсе, ізін ала компьютерлер қолданысқа енді. Міне, осы кезеңнің бәрін өтіп, өмір бойы тәжірибе жинақтаумен келеміз. Жас маман болып жұмысқа орналасқан жылдары мекемеде өзге ұлт өкілдері жұмыс істейтін. Тіл білмейтін маған оңай болған жоқ. Бірақ соның барлығына төзе білдім. Егемен елдің ертеңі жолында еңбек еттік. Еңбегіміз еш кеткен жоқ.

«Статистика – өмір айнасы» деген бар. Қоғамның кез келген саласындағы мәліметтер бүгінгі өмір сүру сапамызды айғақтайды. Мұның барлығын осы мамандар есептеп отыр. Ал жалпы жұртқа қатысты әрбір мәліметтің шынайы, нақты болуы жолында олардың мойындағы жауапкершілік жүгі де жеңіл емес.

– Әкем ұстаз болды. Анамыз – дәрігер. Әкем бізге «Ұстаз өмір бойы оқиды. Сендер түрлі салада еңбек етіндер» деп ақылмен айтып, әрбірімізді түрлі салаға бағыттады. Біріміз – статист, енді біріміз – дәрігер, ал тағы біріміз салық саласының маманы болдық. Менің маңдайыма жазылған сала статист мамандығы болды. Отбасым қолдау көрсетті. Уақытпен санаспай жұмыс істеп, осындай тәжірибелі маман болуыма барынша көмектесті, – дейді ол.

Бүгінгі толқынның заманауи технологияны еркін меңгергеніне қарап, қызығатын Гүлнара Қапанқызы әлі де үйренуге қарсы емес. Әріптестерінен түрлі тақырыптарда үйреніп, өзін қалыптастырып жүр. Әсіресе, әкеден алған ақылмен адамдық пен мамандықты қатар ұштастырып, өз ортасында абырой мен беделге ие болды.

– Сұранысқа сай маман болу мамандықты сүюден басталады. Мамандығыңды сүйе білсең, адалдығың мен адамдығың арқылы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуің керек. Мен осы жылдар ішінде ешкімге жоғарыдан қараған емеспін. Білмегенімді сұраудан арланбаймын, білгенімді үйретуден аянабаймын. Қазіргі жастар өте білімді ғой. Көп нәрсені сұрап, тәжірибемді арттырып жүрмін. Ол ешқандай да ұят тірлік емес, қазір – жастардың дәуірі. Олар жана технологияны жетік біледі. Қасымда Фариза есімді әріптесім бар. Биыл ғана мемлекеттік қызметке келді. Мені көп нәрсеге үйретті, – дейді тәжірибелі маман.

Қарапайымдылығымен ел арасында сыйлы болып жүрген Гүлнара Қапанқызы кейінге көз тастап, сан жылы белесін ой елегінен өткізді. Иә, тәжірибе уақытпен келеді...

Аян СПАНДИЯР

Жас ұрпақтың заман талабына сай білім мен ғылымды қатар игеру үшін мектептерде барлық жағдай жасалуда. Әр мектептің бағытын айқындау, соған сәйкес сынып кабинеттерін жабдықтау, қажетті құра-жабдықтармен қамтамасыз ету білім аламын деген балаға жасалған үлкен қолдау деуге болады.

## ҰСТАЗЫ БІЛІКТІ, ШӘКІРТІ БІЛІМДІ



С.Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектеп-лицейі – білім беруде жаратылыстану бағытына басымдық берген білім ордасы. Мұнда қазіргі таңда 900-ден аса бала тәлім алады. Іргесі 1964 жылы қаланған мектепке биыл 60 жыл толды. Жарты ғасырдан астам тарихы бар білім ордасы атаулы күнді кең көлемде атап өтті.

3-БЕТТЕ

## Қысқа дайынбыз ба?

Қылышын сүйреткен қанарлы қыс қыры басында. Қайсыбір жылдары алғашқы қар мен мұздаққа шыдамай, көліктер әр жерде қаңтарылып тұрған еді. Десе де қыстың бұлай демде келе қалатынына дайын болмадық па, әйтеуір, тез арада сергектік таңытып, олқылықтың орнын толтырдық. Биылғы дайындық қалай?



– «Қызылорда тазалығы» мекемесінде қыс мезгіліндегі тазалау жұмыстарын жүргізуге арналған 57 техника бар. Құм-тұз қоспасын шашу, сыпыру, күреу жұмыстарына арналған көпбейінді камаздың 12 данасы сақалдай сай тұр. Қар тасымалдайтын 2 дана 15 тонналық, 3 дана 20 тонналық камаз бар. Мұнан бөлек, 12 дана қар сыпыратын трактор, 3 дана қар, құм-тұз аралас қоспа тиейтін тиегіш жұмыс істейді. Сонымен қатар 2 дана қар таситын МТЗ тракторы тиегішпен бірге еңбекке жарам тұр. Дәл осындай кіші трактордың 3 данасы, амқадор қар тиегіш техникасы – 2 дана, автогрейдер, «Беларус – 320» МУП, жаяу жүргіншілер жүретін жолдарға қызмет көрсететін ФАУ және газель автокөліктері елге қызмет етіп келеді. Әрине, табиғат тосын мінез таңыға қалса, жауын-шашын күндері қандай да қиындықтарға қарсы төтеп беруіміз керек. Тіпті қарлы күндерде түнімен жұмыста жүріп, қарды тазалап тастаймыз. Бұл реттегі еңбегімізді ел біледі, – дейді Санитарлық тазалық бойынша сектор меңгерушісі Гүлзінат Жұмабекова.

Қысқы қала тазалығын сақтауда мекемеде 270 адам жұмыс істейді. Олардың әрбірі – өз ісінің

мамандары. Жауапкершілік жүгін сезініп, сүйікті қаламызды көріктендіруге қомақты үлес қосып келеді. Оның 200-і – жұмысшы мамандар, 56-сы көлік жүргізеді. Сонымен қатар шеберлер мен сектор меңгерушілері де уақытпен санаспай еңбек етуде.

– Қыс мезгілінде техникаларға жұмсалатын отын (жанар-жағар май) мен қосалқы бөлшектер қажеттілікке сай мөлшерде сатып алу порталына жарияланды, жеңімпаз күтілуде. Қазіргі таңда арнайы қоспа сақтайтын кәсіпорнын базасында 2000 тонна құм, 310 тонна теникалық тұз дайын тұр. Жыл сайын қыс мезгілінде қар тазалау жұмыстарына кәсіпорынның қоше тазалығын атқаратын жұмысшылары қала бойынша 52 көшені, жаяу жүргінші жолдары мен бордюр жиегін, қардан аршып тазалайды, – дейді Г.Жұмабекова.

Естеріңізге сала кетейік, биыл мекеменің техникалық базасы да нығайды. Еңбек күні қарсаңында облыс әкімі арнайы көлік сыйға тартып, бүгінде техникалар ел игілігіне еңбек ете бастады.

Дәулет ҚЫРДАН

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА





# КӨШ БАСЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА



Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын халықтың тұрмысы көрсететіні анық. Бұл ретте ең әуелі халықтың қолын аузына жеткізу мәселесі тұр. Яғни, екі қолға бір күрек беру. Жұмыссыздықты төмендету және атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтардың санын азайту бағытында да атқарылып жатқан шаруаның ауқымы кең.

– Мәселен көмек алушылардың санын 28,7% дейін төмендетіп, 632 млн теңге үнемделді.

Бұл жұмыстарды жыл аяғына дейін жалғастыратын боламыз. Тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру үшін кең көлемде жұмыстар жүргізіліп, қаланың күре тамыры саналатын жолдар кеңейтіліп, балалар ойын алаңдары салынууда. Сонымен қатар жауа жүргіншілер жолы мен түнгі жарық бағаналары орнатылууда. Тұрғын үй құрылысы мен абаттандыру жұмыстары да қарқынды жүруде, – деді Н.Ахатов.

Елдің әл-ауқатын көтеріп, ойдағы кәсіпті бойдағы қабілетпен дамытуға бағыттайтын жобаның да сан алуан түрі бар. Мұндай бағдарламалардың бірі «Ауыл аманаты» жобасына қатысушылар қатары қалың. Қала әкімі аталған жоба елдің оң жамбасына шығып тұрғанын айтады.

– Бұл жоба аясында 2024 жылы қаржыландыру үшін облысқа 4,6 млрд теңге қаржы қаралып, оның ішінде 612,8 млн теңгесі

Қызылорда қаласына лимит түрінде көзделді. Айта кетейік, өткен жылы қала бойынша «Ауыл аманаты» жобасы 253,7 млн теңгеге қаржыландырылған. Бір жылда бірнеше есеге өсіп отыр. Бұл ретте, «Байқоңыр» ӨКК үйлестіруімен алғашқы лекте 142,13 млн теңгеге 16 жоба мақұлданып, бүгінгі күні толық игерілді, – деді шаһар басшысы.

Жоба аясында қаржы көлемі жөнінен 36,5 млн теңгені игеріп, Қызылорда ауылдық округі көш бастап тұрса, жоба санынан Тасбөгет, Белкөл кенттері алда. Әр кенттен төрт жобадан қолдауға ие болды.



## Даңғылдар дамуға бастайды

Жол – экономиканың құрметамыры. Дамудың басты бағыты. Бұл бағытта Қызылорда көш бастап тұр. Аяғын аспаннан салырап, әуежайдан Сыр топырағына табан тие сала тақтайдай тегіс асфальтқа түссіз. Бүгінгің өзінде мұнда жол құрылысы қарқынды жүргізілуде. Өңірдегі іргелі кәсіпорындардың бірі – «Қыран» компаниясы қолға алған. Осы тәрізді 99 көшеге жол салу, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бүйірі томпайған бюджеттен 36 млрд теңге қаржы қаралды.

– Тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін шаһарға кіретін құретамыр жолдардың барлығына мән берілуде. Осы ретте Әуежай жолы мен Шиелі ауданынан кіре беріс жолдарға кеңейту жұмыстары жүргізілсе, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ арқылы «Қызылорда-Құмкөл» жолын қайта жаңғырту үшін техникалық-экономикалық негіздеме дайындалуда. Еліміздің бас қаласы Астана бағытынан кіретін Сағымбаев көшесіне қайта жаңғырту жұмыстары үшін жоба - сметалық құжаттары әзірленуде. Қаланың магистралды Яссауи мен Жаппасбай батыр көшелері, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төрт жолақты болып кеңейтілуде. Е.Көшербаев көшесі қайта жаңғыртылып, 96 көшеге күрделі, 34 көшеге орташа жол жөндеу және жаңа жол құрылысын салу жұмыстарын жүзеге асыру жоспарлануда. Сондай-ақ Н.Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі аралықта жаңа жол құрылысы салынды. Сырдария жағалауының бойынан Ескі базар мен Мерей шағын ауданы аралығына жаңа жол салу жоспарлануда, – дейді қала әкімі.

Қалада жауа жүргінші жолы мәселесі де шешімін тауып келеді. Биыл 2,3 млрд теңге болатын 54 көшеге жауа жүргіншілер жолы салынууда. Сондай-ақ көшелерді жарықтандыру жұмысы да жүйелі жүргізіліп келеді.

## Баспамен қамту – басты орында

Сырдағы құрылыс серпінді дамуға бет алған. Жаңа тұрғын үйлердің санының көптігімен қоса, қасбеттерінің өзгеше кейіпте қалануы да тын бастамаға бетбұрыс екені айқын. Бүгінде қалада 3911 пәтерлі 74 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүруде.

– Біз тұрғындардың талап-тілектеріне орай мақсатты шараларды жүзеге асырып, жайлы баспана ұсыну үшін көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын қарқынды жүргізудеміз. Оның ішінде, 3139 пәтерлі 58 тұрғын үй бюджет есебінен, 772 пәтерлі 16 тұрғын үй жеке инвестициялар есебінен салынууда. Жыл соңына дейін 7 қабатты 10 үйдің жоба-сметалық құжаттары және сараптама қорытындысын алу жоспарлануда, – дейді қала әкімі.

Жыл басынан бері 1 323 қызылордалық қоныс тойын тойлады. Ал жыл аяғына дейін бұл сан 1390-ға жетеді деген болжам бар. Баспана жайлы сөз қозғалғанда апатты үйлер тақырыбы да ойға оралады. Бүгінде қалада 68 апатты тұрғын үй бар. Осы санатта 673 отбасы тіркеуде тұр. Қала әкімінің айтуынша, биыл бұның 135-іне жаңа пәтер табысталады екен.

## Жаңа жайлы құт мекен

Қызылордада тұрғындарға қолайлы жағдай жасау бірінші орында тұрады. Инфрақұрылым мәселесі – басты орында. Әкімдердің халықпен кездесуінде айтылған бұл бағыттағы әрбір түйіннің тарқауы көп ұзамай шешіледі. «Көгілдір отын» мәселесіне келсек, қала және қалаға қарасты елді мекендердің толық қамтылуына бір қадам ғана қалды. Яғни, көгілдір отынға қосылмаған бірнеше елді мекен ғана бар. Атап айтқанда, «көгілдір отын» тарату мақсатымен 1,2 млрд теңгеге Ақжарма елді мекенін, 3,1 млрд теңгеге Сабалақ саяжайын және 689,2 млн теңге қаржыға қалада «көгілдір отын» желісі жүргізілмей қалып қойған шағын аудандарды газдандыру жұмысы жүзеге асуда. Сондай-ақ қалаға қарасты Қызылорда ауылдық округі және Бірқазан елді мекенін «көгілдір отынмен» қамту негізгі жоспарға енгізілген. Ал қаланы электр энергиямен қамту бағытында құны 4,8 млрд теңгеге 9 жоба жүзеге асуда. Нәтижесінде электр желілерінің тозу деңгейін 64 пайыздан 62 пайызға дейін төмендемек.

Облыс орталығында 85 131 тұтынушыға күнделікті 72 мың текше метр ауызсу өндіріліп, тұрғындар орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтамасыз етілуде. Биыл «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында құны 7,6 млрд теңгені құрайтын 29 жоба жүзеге асуда. Ыстық сумен қамтылмаған республикадағы бірден-бір облыс екеніміз айқын. Биыл бұл бастама да арнайы ел Президентінің тапсырмасымен жүзеге асуда.

– Тағы бір қолға алынған тарихи сәттегі үлкен жұмыс – Мемлекет басшысының қолдауымен қаладағы 424 көпқабатты тұрғын үйді ыстық сумен қамтамасыз ету. Жалпы қажетті қаражат көлемі – 26,2 млрд теңге. Бұл жұмыстар екі кезең бойынша жүргізілуде. Бүгінгі күні 11 млрд теңге қаражатқа бірінші кезеңдегі 187 үйге ыстық су тарту жұмыстары жүргізілуде, – деді қала әкімі Нұржан Ахатов.

Тұрғындарға жайлы қала жасау мақсатында тұрғын үйлердің аулаларын және ойын аулаларын абаттандыру жұмысы кейінгі жылдары қарқын алды. Атап айтқанда, құны 619,3 млн теңгеге 23 тұрғын үйдің аула ішілік жолдарын жөндеу және абаттандыру жұмысы жүргізілуде. Жалпы, қала аумағында 250-ге жуық балалар ойын алаңы орнатылған. Сонымен қатар, тұрғындар өтінішіне сәйкес 25 көпқабатты тұрғын үй ауласында орналасқан балалардың ойын алаңдарына күрделі жөндеу жұмыстары жалғасып, қалалық бюджеттен 114,8 млн теңгеге қала аумағындағы 18 үйдің шағыры қайта қалпына келтірілуде.

Қала аумағындағы көнерген көпқабатты үйлер де жаңаша кейіпке енді. Мұндай үйлердің қасбеті заманауи құрылыс материалдарымен қапталып, көз сүйсінерліктей күйге енген. Тұрғындар да баспанасының жаңарғанына риза.

– Қала орталығында 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті дәнеарлық панельмен қапталып, 77 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысанның қасбеті заманауи үлгіде әрленуде, – деді шаһар әкімі Н.Ахатов.

Жаңашыл қадамнан қорықпай, тың бастаманы енгізуде алда жүретін сырбайлық ағайын «Экотаксидің» де игілігін көре бастады.

Ауа ластағыш заттарды азайту мақсатында қоғамдық көлік қатынасы бағытына осындай электромобильдер қосылды. Біріншіден, шуды азайтса, екіншіден, үнемді болмақ. Бар-жоғы бір жарым сағатта толық қуатталады.

Аймақтар арасындағы бәсекеде бәсі биік Қызылорданың көш бастап жүргені қаш-шан. Астана мен Алматыны ғана алға салып, үздік үштіктен көрініп жүргеніне де қуанатын, Шымқаланы шаң қаптыратын сәттерге де сал қалды. Осы қарқынмен дами берсек, аспанға атқан малақайымыз таяу маңда төмен түспейтін тәрізді.

Басы 1-бетте

Дәулет ҚЫРДАН,  
Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ







# ҰСТАЗЫ БІЛІКТІ, ШӘКІРТІ БІЛІМДІ



Білім ордасы ашылғанда алғаш басшылық еткен Қасымбек Ибраев сол кезден-ақ ұрпақтың сапалы білім алуына басымдық берді. Білікті басы, тәжірибелі мұғалімдердің еңбегінің нәтижесінде аталған мектеп республика бойынша белгілі білім ошағына айналған.

Сол кезеңдегі барлық педагогикалық ұжым мектеп өміріне жаңашыл, тың идеялар мен бастамаларды енгізді. Іскер басшы өзге мектептермен тығыз байланыс орната отырып мектеп мұғалімдерінің іс-тәжірибесін, еңбегін республика, одақ көлемінде таныта білді. Осындай еңбектің нәтижесінде 1968 жылы Қазақ КСР оқу-ағарту министрлігінің шешімімен, №4 орта мектеп ұжымының төрт жылдық жұмысының нәтижесі Мәскеу қаласындағы бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесіне жіберіліп, I дәрежелі «Алтын медаль» иеленеді. С.Сейфуллин атындағы №4 орта мектебі 2000 жылға дейін орыс-қазақ аралас мектебі болса, 2000-2001 оқу жылынан бастап қазақ мектебі болып бекітілді. Білім көкжиегіндегі 60 жыл ішінде оқу ордасы талай дарынды жастарды тәрбиелеп, қоғамда айшықты орны бар тұлғаларды тұлғатты, – дейді мектеп директоры Алмат Рахметов.

Бүгінде С.Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектеп-лицейінде тәлім алатын 600-ден астам оқушыға 100-ден аса мұғалім сабақ берсе, оның 44-і – педагог-зерттеуші, 21-і – педагог-модератор, 19-ы мұғалім.

Осыныша жыл ішінде қоғамға белгілі талай тұлғаларды тұлғаткен мектеп беделі қашанда жоғары.

**Басы I-бетте**

қосымша 300 орындық оқу корпусы мен 100 орындық асхана салынып, пайдалануға берілген. Бұған дейін акт залы, спорт залы, кітапхана мен қосалқы кабинеттері бар қосымша білім ғимараты салынған еді. Ал жақында мектеп түлегі, «Асар» ЖШС директоры Қанағат Сақтағановтың демеушілігімен мектептің 60 жылдық мерейтойына тарту ретінде 10 миллион теңге қаржыға мектеп ғимаратының шатырын жаңаланған. Десе де алпыс жылдан бері күрделі жөндеу көрмеген білім ғимараты ескірген. Бұл ретте мектеп басшысы Алмат Бақытбекұлы келер жылы білім ошағына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланғанын айтады.

негіздегі мұражай ашылды. Онда мектептің кешегі мен бүгінгі сәттерінен сыр шертетін құжаттар мен суреттер жинақталған.

Мектепте «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» деген қосымша сабақ жүргізіледі. Алдағы уақытта мектеп түлегі, кәсіпкер Ибрагим Әбубәкіровтің қызы Аида Ибрагимқызы оқушыларды кәсіпкерлікке баулуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған арнайы кабинетті, білім ордасының алғашқы директоры болған Қ.Ибраевтың ұрпақтары тарих кабинетін жабдықтап, оқушыларға сый жасамақ. Мектеп қабырғасынан бүгінгі күнге дейін 5000-ға жуық шәкірт білім алып, үлкен өмірге қанат қалқан. Бұл – ұстаздардың ерен еңбегінің жемісі, – дейді мектеп басшысы.

Мектеп ұжымы бала тәрбиесінде тек білім беруді емес, оқушылардың рухани дамуына да жағдай жасаған. Бұл ретте 40 мыңнан астам кітап қоры бар кітапхана жұмысын айта кеткен жөн. Жиырма жылдан бері мектеп кітапханашысы болған Сәуле Оспанованың балаларды кітап оқуға ынталандыруда еңбегі зор. Айтуынша, балаларды мектеп табалдырығын аттаған алғашқы күннен бастап

кітапханамен таныстырып, кітап оқудың маңызын түсіндіреді екен.

– Кітапханамызда 40671 кітап қоры бар, оның 9767-сі көркем әдебиеттер. Оқушылардың кітапқа қызығушылығы көңіл қуантады. Сабақтан тыс уақытта кітапханаға келетін тұрақты оқырмандар бар. Балалардың сұранысы жас ерекшелігіне сай болады. Бастауыш сыныптағылар ертегілерді көп оқиды. Басым көпшілігі энциклопедияға қызығады. Шетел әдебиетінен «Гарри Поттердің» кітабын қызыға оқиды. Сонымен бірге ақындар шығармашылығына сұраныс бар. Ал жоғары сынып оқушылары көбіне «Абай жолы», М.Әуезовтің әңгімелерін сұрайды. Оқушыларды кітап оқуға тартуда түрлі көрмелер, іс-шаралар ұйымдастырылады. Жалпы балалардың кітапты онлайн оқуына да, қолға алып оқуына да мүмкіндік бар. Алайда кітапты қолға ұстап оқығанның қаншалықты маңызды, пайдалы екенін ұғындыруға тырысамын, – дейді кітапханашы.

Мектептегі білім беру ІТ бағытына басымдық бергендіктен мұнда «ДағдыЛап» цифрлық дағдыларды дамыту жобасы қолға алынған. Жоба бойынша оқу-тәрбие процесін басқаруды автоматтандыру, нейротехнология, биофизика және жасанды интеллект, киберskills бағыттары қамтылған. Оқушылар осы бағытта білім алып, тәжірибе жасап ғылыми жобаларда үздіктер қатарынан көрінуде. Оның ішінде А.Серікбай, І.Мұхтар, Д.Жұмаділ, І.Мейрамбекұлы, А.Манатбек, А.Әбдініби, И.Олжабай аталған бағытта жобаларын қорғап, мектеп абыройын асырып келеді.

Білім мен тәрбиені ұштастырып, оқу ісінде үздіктер қатарынан көрінген мектеп ұжымы сапалы білім, саналы ұрпақ қалдырған берік ұстанған. Сол жолда әлі талай тұлғаларды қанат қалдырып, еліміздің азаматтарды тәрбиелейтініне сенім мол.



Мектеп ұжымы мемлекет және қоғам қайраткері Г.Әбдіқалықова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ғалым Қ.Бисенов, танымал әнші М.Сәдуақасова, белгілі күйші Е.Мұстафаев, өмірге танымал тұлғалар Б.Сәрменбаев, Қ.Сақтағанов сынды шәкірттерімен мақтанады.

2019 жылдан бастап С.Сейфуллин атындағы орта мектеп – «Ақпараттық технология мектеп-лицейі» болды. Ғылым мен технологияның дамыған заманында соған сай жабдықталған білім ордасының ұстазы білікті, оқушысы білімді болуы керек-ақ. Бұл ретте мектеп ұстаздары үнемі ізденуден жалыққан емес. Оның үстіне ІТ бағытындағы мектеп болғандықтан бүгінгі күннің талабына сай үлкен жауапкершілік артылған. Оқушылардың сапалы білім алуына мұнда бар мүмкіндік қарастырылған. 2020 жылы мектеп ұжымы Жапон елінің «Шөп тамыры» бағдарламасы бойынша 30 миллион теңге грант иеленіп, аталған қаржыға мектеп ғимаратының есік-терезелері толық ауыстырылған. Сонымен қатар биыл мектептің 60 жылдық мерейтойына орай облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен құны 958 миллион теңге болатын



– Мектеп түлегі, техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Алдабергелі Бисеновтің қолдауымен мектепте математика кабинеті толық жабдықталып, оқушылар игілігіне берілді. Сондай-ақ «Интегрострой» ЖШС-нің директоры Бақдәулет Ысқақовтың демеушілігімен мектептің ескі ғимараты сыртына күрделі жөндеу жүргізіліп, мектеп ауласы абаттандырылды. Мектеп түлектерінің қаржылай қолдауымен мектептің материалдық-техникалық базасы жаңғыртылып, мектепте қоғамдық



## ҮЗДІКТЕРДІ БАПТАҒАН ҰСТАЗ

Балаға білім алу мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін сезіндіру, оқу мен ізденуге қызығушылығын арттыру үшін қызықты тапсырмалар мен жобаларды енгізу – С.Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектеп-лицейінің информатика пәні мұғалімі Салтанат Омарбекованың білім берудегі басты ұстанымы. 30 жылдан астам уақыт білім саласында еңбек етіп жүрген педагог-зерттеуші өз ісінің үздігі, талай шәкіртті білім нәрімен сусындатып, талай додада шәкірттері оза шапқан.

Жастайынан мұғалім болуды армандаған Салтанат Құнтуғанқызы мектеп бітірген соң сол кездегі Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне түсіп, физика-информатика мамандығы бойынша тәмамдайды. Еңбек жолын өзі туып-өскен Жаңақорған ауданының Машбек ауылындағы №196 мектебінен бастайды. Ал аталған білім ошағында 1999 жылдан бастап білім беруде.

Үнемі ізденісте жүретін ұстаз оқушыларды информатика пәніне қызықтыруда білім берудегі түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Баланың қызығушылығын оятуда түрлі жоба дайындап, шәкірттің қарым-қабілетін бағамдайды.

Бүгінде ІТ саланы игеру заман сұранысы. Ғылым мен технологияның күн санап дамыған сәтінде оны игере алатын жас ұрпақты тәрбиелеуде информатика пәні мұғалімдеріне зор жауапкершілік артылған. Кейіпкеріміз бұл ретте өзіне артылған сенім үдесінен шығып, балаларды білім мен ғылымға баулып келеді. Ол тәрбиелеген оқушылар талай білім додаларында өз мықтылықтарын дәлелдеп, жүлделі орындардан көрініп келеді. Пәндік олимпиадаларда Нұрсұлтан Рахменшиев, Перизат Шымырқұл, Жандос Айтуғанов, Лаура Маднархан, Ділдар Күзенбай, Гүлсезім Әлімхан, Таңшолпан Серікбай, Арай Нұрқасынқызы, Абдуларон Қазыбай, Балауса Үсенова, Ләйла

Мұхтар сынды шәкірттері үздік деп танылса, ғылыми жобалар байқауында Томирис Ахметова, Данияр Анафин, Мұхаммедәлі Еспембетов, Дінмұхаммед Айтбай, Бекзат Аралбай, Аяғоз Оразалиева, Қазбек Жапқасбай, Ләйла Мұхтар ұстаз абыройын асқататып жүр.

Білімді де саналы шәкірттер тәрбиелеуде үздік атанған ұстаздың өз жетістігі де жетерлік. Қашанда қоғамдық жұмыстарға, оқу-тәрбие істерінде белсенді Салтанат Құнтуғанқызы қала әкімінің, облыс әкімі грантының жеңімпазы. Сонымен қатар білім саласындағы 30 жылдық тәжірибесіне сүйеніп, зерттеу жұмыстары мен әдістемелерді жарыққа шығарған. Еңбек жолындағы осындай еселі еңбектері елеусіз қалған емес. Ал оның еңбек жолындағы басты жеңісі – оқушыларының білім бәсекелеріндегі жетістігі.

Бетті дайындаған **Айдана СЕЙІЛ**  
Суреттерді түсірген **Нұрболат НҮРЖАУБАЙ**

«Ұстаз болу – ұлы іс» деп текке айтылмаған. Бала бойына білім нәрін құйып, өмірде тұлға болып қалыптасуына аянбай тер төгетін жанның бірі – ұстаз десек артық болмас. Мектеп табалдырығын аттап, білім көгіне қанат жайған оқушының әрбір жетістігі де, жеңісі де ұстаз еңбегінің нәтижесі. Қоғамдағы жауапкершілігі зор салада 30 жылға жуық еңбек етіп жүрген үздік мұғалімнің бірі – Гаухар Таркешева.

## МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МҰҒАЛІМ



Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гаухар Әбдімәжитқызы жоғары оқу орнын тәмамдаған соң алғашқы еңбек жолын кәсіргі С.Сейфуллин атындағы №4 ІТ мектеп-лицейінде бастаған. Содан бері оқушыларды қазақ тілі мен әдебиет әлеміне жетелеп, рухани толысуы жолында аянбай келеді. Мектеп ұжымының мақтанышына айналған кейіпкеріміз «еңбегінің жемісі – шәкірттеріміздің жеңісі» дейді. Ал ол білім нәрімен сусындатқан оқушылардың алды бүгінде ғылым кандидаты, доцент атанып, өз ісінің маманы атанған.

– Ұстаз болу – жауапты іс. Оқушыға біліммен бірге тәрбие қатар беріледі. Оқушы мектепте сабақ берген ұстазынан үлгі алады. Сондықтан мұндай зор жауапкершілік жүгін лайықты көтеру керек деп ойлаймын. Білім жолындағы 30 жыл ішінде бес рет сынып жетекшісі болдым. Оқушыларымыздың адамдық жолдан айнымаған азамат болғаны, өз ісінің маманы болғаны біздер үшін үлкен қуаныш. Мен өзімнің шәкірттерімен мақтанамын. Ұстаз болғаныңды мақтан тұтамын, – дейді Гаухар Таркешева.

Үздік ұстаздың шәкірттері қалалық, облыстық, республикалық олимпиадалар мен шығармашылық байқаулардың жеңімпазы атанып жүр. «Мұның барлығы еселі еңбегінің жемісі» деген ұстаздың бұл еңбегі де елеусіз қалған емес. Облыс, қала әкімінің грантының жеңімпазы болған педагог-зерттеуші ҚР Білім және Ғылым министрлігінде Құрмет грамотасы, алғаш хатымен марапатталған.

Гаухар Әбдімәжитқызының жетістігі мұнымен шектелмек емес. Ол «Үздік ашық сабақ – 2021» атты республикалық байқауының, халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының «Жылдың үздік авторы – 2024» байқауының, «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» байқауының І орын жеңімпазы атанған. Бұдан бөлек мұғалімдер арасындағы білім бәсекелерінде оза шауып, мектеп абыройын асқататып келеді.

Халқымыз «Ұстаздан – шәкірт озар» деген емес пе?! Ұстазы жақсының ұстаы мықты. Кейіпкеріміздің Томирис Ахметова, Нұрдана Қуаныш, Роза Арыстанбекова, Аружан Жүнісова, Нұрлы Төребаева сынды оқушысы ұстазының ғана емес мектептің мақтанышына айналған.





Биыл Сырдария өзеніне күткендеген артық су түседі деген болжам бар. Әзірге болжам болса да, қай мәселеге де ерте қамданғанның тиімділігі көп.

## СУ ТАСҚЫНЫ: ҚОРҒАНЫС БӨГЕТТЕРІ НЫҒАЙТЫЛУДА



Жақында аймақ басшысының тапсырмасымен қала әкімі Нұржан Ахатов дария бойындағы қорғаныс бөгеттерінің дайындығын көріп, су тасқынын болдырмау жолдарын пысықтады. Жауапты мекеме басшыларына нақты тапсырма жүктеп, барлық күшті жұмылдыру қажет екендігін ескертті.

Қазірдің өзінде Сырдария өзеніне жоғарыдан жіберілетін судың мөлшері секундына 400 текше метрді құрап отыр. Мамандардың айтуынша, бұл аз су емес. Аяз түсіп, мұз ұстақанда дария деңгейі шамадан тыс көтеріліуі ықтимал. Сондықтан Қызылорда қаласының аумағы бойынша Сырдария өзенінің оң жағалауында 65 шақырым, сол жағалауында 23,5 шақырымды құрайтын қорғаныс бөгетін барынша нығайту қажет. Бүгінде дария бойына кезекшілік қойылып, бақылау күшейді.

Оған қоса қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебайдың төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысы өтті. Комиссияда 2024-2025

жылдардың қыс-көктем айларында су тасқыны қаупін болдырмау, алдын алу шаралары қаралды.

– Бірінші кезектегі жұмыс, өткен жылғы су деңгейіне талдау жасау назарға алынуы тиіс. Екіншіден, су тасқыны қаупі бар аймақтардың тәуекел дәрежесін нақтылау керек. Үшіншіден, жер қара, күн жылы кезде қамқаратқы күшейтіп, дамбыларды бекемдеуге бел шеше кіріскен жөн, – деді Ғалымжан Бақтығалиұлы.

Қазірдің өзінде Сырдария өзенінің екі жағалауындағы қорғаныс бөгетін барынша бақылауға алу қажет. Сол үшін үздіксіз кезекшілік ұйымдастырылып, жағдай жіті қағаланып отыруы тиіс. Бұл жұмыс қолға алынды.

Сонымен қатар комиссия отырысында қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай өзен бойындағы су қауіпсіздігін жауапты 22 мекемеге уақытпен санаспай, қала аумағындағы қорғаныс бөгеттерін күшейтуге жұмылып, қажетті шараларға атсалысуы тапсырды.



## ӘУЕЖАЙДЫҢ ЖАҢА ТЕРМИНАЛЫ ДАЙЫН

Әуе қатынасы – облыстың әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне тікелей әсер ететін негізгі саланың бірі. Сыр өңірінде «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалының құрылысы аяқталып, ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда.

Нысан таяуда табысталмақ. Бүгінде мұнда халықаралық стандарттарға сай келетін телескопиялық трапты монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Халықаралық талаптарға сай етіп салынған жаңа нысанда ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған СІР залдары, жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медициналық пункт, кафе, ғибадат ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты

ғимаратта сағатына 250 жолаушыға 10 толқұжат бақылау кабинасы арқылы қызмет көрсетіледі.

Өткен жылы осы терминал жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға барлық инженерлік жүйелермен қамтылды. Ал биыл әуежайдың аумағы және оған іргелес аумақ абаттандырылды. Көгалдандыру жұмыстарынан бастап, кіреберіс жолы да салынды. Нақтылап, «Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата әуежайының аумағын абаттандыру, түзеу» жобасы



бойынша аумаққа 615 шаршы метр гранит жабыны, 16,2 шаршы метр асфальт, 4038 шаршы метр кеспе тас және 3630 шаршы метр кыршық тас төселді.

Сондай-ақ «Қызылорда қаласындағы әуежайдың іргелес аумағын абаттандыру құрылысы» жобасы бойынша 4 жолақты, ұзындығы 480 метр, әр жолақтың ені 3,5 метр болатын жол салынды.

– Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймағымызда нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Халық игілігіне арналған жаңа ғимараттар бой көтерді. Ең бастысы, құрылысты сапалы етіп салып, уақытылы

аяқтап, елге табыстау міндеті күтілуде, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сонымен қатар жаңа терминалдың ашылуын күтіп жүрген тұрғындар да көп. Соның бірі – әуежай қызметін жиі тұтынушы қала тұрғыны Айбол Ахметов.

– Өзім басқа облыстарға жиі іс сапарға шығамын. Сондай сәтте уақытты үнемдеу үшін ұшақпен барғанды қалаймын. Енді жаңа әуежай іске қосылғанын күтіп жүрмін. Өйткені халықаралық рейстерге мүмкіндік бар. Ал осыған дейін шетелге шығу үшін Алматы, Астана әуежайлары арқылы ұшатынбыз, – дейді қала тұрғыны.



## ЖАЯУДЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ



Бүгінде қалаға шыға калсаңыз, кез келген сала бойынша құрылыстың қарқынды жүріп жатқанын байқайсыз. Тек қала орталығында ғана емес, шет аймақтың да жолдары жөнделіп, жаңа көпірлер салынып, қалаға қарасты ауылдық округтерді газдандыру жұмысы, тұрғын үйлер құрылысы секілді ауқымды жобалар қолға алынды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, жылдар бойы қордаланған инфрақұрылым мәселесін шешу және отандық өндірісті дамытуға қатысты қала аумағында жүзеге асырылып жатқан ілімді істердің жұмыс сапасын қадағалау басты назарда. Тіпті облыс және қала әкімдерінің өздері де бұл мәселелерді назардан тыс қалдырмай, жан-жақты бақылап отыр. Өйткені атқарылған әрбір іс уақытылы әрі сапалы аяқталып, ел игілігіне берілуі тиіс.

Соның бірі – қаламыздың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда іргелі істер көпшіліктің көңілінен шығуда. Бұл бағыттағы жұмыстардың бірі болып саналатын, жаяу жүргіншілер жолын салуға аймақ басшысының қолдауымен 2,3 млрд теңге бөлінді. Бөлінген қаржыға 54 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынады. Тіпті қала орталығындағы жөндеуі аяқталған жаяу жүргіншілер жолымен жүрген жолаушылар алғысын айтады.

**Ұлбосын Айтмұратова, қолбалды ана әрі зейнеткер:**

– Өзім Шымкент қаласында дүниеге келгенмін. Кейін жұмыс бабымен Қызылорда қаласына көшіп келдім. Осы кезде Қызылордаға үйренгенімиз соншалық, туған жерімздей жақсы көреміз. Айтпайын дегенім, қала күн сайын ұлғайып келеді. Оны соңғы жылдардағы қарқынды құрылыс көлемінен байқаймыз.

Алаштың астанасы болған, қос қасырдан астам тарихы бар шаһарда биыл да қолға алынған жұмыс көп. Осындай ауқымды істі көріп, көңіліміз марқайып жүр. Әсіресе, көшелері кенейіп, жаяу жүргіншілер жолы салынып, бізге, балаларымызға жаяу жүруге оңтайлы болып тұр, – деді Ұлбосын.

**Мақсат Алданазаров, қала тұрғыны:**

– Шыны керек, соңғы жылдары қала құрылыс жағынан дамып, жан-жақты жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Сырттан келген меймандардың өздері қаланы көріп, тамсанып кетеді. Өйткені қазір Қызылорда өзгерген, әлдеқайда жақсарған. Тазалығының өзі бір тақырып.

Ал көшелердегі жөндеу жұмысына келсек, еш мін жоқ. Өзім көлікпен жүретін болғандықтан көше сапасына тек жоғары баға беремін. Оған қоса жаяу жүргінші жолдары да жаңадан салынады. Бұл балаларымызға тиімді болды. Неге десеңіз, кішкентайларға жолдың жиегінде жүру қауіпті. Түзу көше бойымен көліктер зулап жүрді. Сондықтан жаяу жүргінші жолы болса, оқушылар да, жасөспірімдер де сол жолмен еркін-еркін жүреді. Біз сияқты ата-аналардың барлығы риза, – деді Мақсат.

Елімізде табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау мақсатында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы апта сайын ұйымдастырылып келеді. Сыр өңірінде де «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасуда.

## ТАЗАЛЫҚҚА ҮНДЕГЕН АКЦИЯ

Өткен аптаның сенбісінде тазалық акциясы аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен жаңадан ашылған Оқушылар сарайы аумағына тал егу рәсімі өтті. Оған Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенов, экономист, сарапшы Олжас Құдайбергенов, қала, аудан әкімдері, мәслихат депутаттары, облыстық басқарма мен департамент басшылары қатысты.

Бүгінде аймақтың барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Экологиялық бағдарламаны өңірде өткізудің облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» тақырыптарында апталық шаралар ұйымдастырылуда.

Тазалық акциясына белсене қатысқан Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов:

– «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында тал егу рәсіміне аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтан бастап, барша жұрт атсалысты. Жалпы бұл – біріміз үшін де ортақ міндет.

Осы күні Сыр елін көркейту, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына ерекше ден қойылып, тиісті шаралар қолға алынған. Арнайы экологиялық бағдарламаны өңірде өткізудің облыстық іс-шаралар жоспары да бекітілген. Нәтижесі тек Қызылорда облысына емес, барлық аймақтарға үлгі болуда.

Қазір қаланың келбетін көрсен көз қызығады, эстетикалық жағы да өте керемет. Қала көшелері тазалықтан жалтырап тұрса, бұл аймақ басшылығы мен халқының табиғатқа қамқорлығы, адамға құрметі және экологиялық жауапкершілікті терең сезінуі, түсінуі деп білемін, – деді Мәжіліс депутаты.

Сонымен қатар тазалық шараларына 600 мыңнан астам ерікті, қоғам қайраткері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкері қатысты. Осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстардан кейін 23 мың тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылып, елді мекендердегі 505 сквер мен парк, 225 тарихи-мәдени ескерткіш, 791 әлеуметтік нысан, 4332 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 322 су айдыны, 47 451 көше бойы және 6 929 көпқабатты үй мен 40 522 жер үйдің ауласы тазартылды. Оған 500-ден астам техника жұмылдырылған.

Ал көркейту-көгалдандыру жұмыстары бойынша өңір климатына жерсінген 129358 кара ағаш, терек және сыр талының көшеті егілді. Жалпы таза қалаға айналған Қызылордада тазалық акциясы әлі де жалғасын таппақ.

ғимараттар мен аттракциондар, бетонды скейтпарк салынбақ.

Тұңғыш Президент саябағын қайта жаңғыртудың жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Ал Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш маңындағы саябақты абаттандыруға байланысты сараптама қорытындысы күтілуде. Аталған 4 жобаның жоба-сметалық құжаттамасы «ВІ Group» холдингінің демеушілігімен дайындалуда.

Айта кетейік, соңғы екі жылда мемлекет қолдауының арқасында аймақта құрылыс қарқыны айрықша. Өткен жылдың қорытындысына зер салсақ, құрылыс жұмыстарының көлемі 183,4 млрд теңгеге жетті. Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында қаржыландырудың барлық көзінен 869 300 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Осылайша, тұрғын үй құрылысы көлемі 126 пайызға өсті. Бюджеттен бөлінген 34 млрд 100 млн теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға берілді. Өңірде жыл басынан бері 750-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бері қаламызда 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

Бетті дайындаған Ақтоқсан НҰРЛЫБАЙ  
Суреттер облыс және қала әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды

## САЯБАҚ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУДАН ӨТЕДІ

Қарқынды құрылыс алаңына айналған шаһар өсіп-өркендеумен қатар еліміздегі ең таза қаланың бірі атанды. Оның бір дәлелі – «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы арқылы ауқымды жұмыстар атқарылып, алдағы уақытқа да мол міндеттер жүктелді.

«Акция – нағандық шара емес. Бұл бастаманы өмірлік дағдыға айналдыруымыз қажет». Міне, осындай ұстаныммен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қаладағы сквер-аллеялар мен саябақтарды қайта абаттандыру және көгалдандыру барысында атқарылған істің нәтижелерін әлі де жасалуы тиіс жұмыстардың жайын сүзгіден өткізді.

Соған орай «ВІ GROUP» LTD компаниясының өкілдерімен кездесті. Кездесуде өңірде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды. Облыс орталығында құны 10 млрд 900 млн теңге болатын «Шығармашылық инновациялық орталығы» салынады. Орталықта балаларды спорттық сауықтырудан бөлек, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-өлкетану, гуманитарлық бағытта қызмет көрсетіледі.

Оған қоса футбол, баскетбол, волейбол, воркаут алаңдары, бассейні, соңғы үлгідегі материалдық-техникалық базамен жабдықталған кабинеттер қарастырылған. Нысанды «ВІ Global» ЖШС салуда. Бас жобалаушы – «Техникалігі бағалау», техникалық қадағалаушы – «Алатау Сапа Құрылыс» серіктестіктері, бұл нысан 2026 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Сонымен қатар алдағы жылы қаладағы 4 демалыс орнын қайта жаңғырту жоспарлануда. Атап айтқанда, Б.Шоқенов атындағы саябақты абаттандырудың, қалалық мәдени және демалыс паркін қайта жаңғыртудың сараптама қорытындысы шықты. Саябақты абаттандыру жұмыстары 23410 шаршы метр аумақты қамтиды, 5 айда аяқтау жоспарланған. Ал демалыс паркіне



Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Марат АРАЛБАЕВ**

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
**Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА**

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан ӘЙІМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
**Таралымы 3498 Тапсырыс №1772**

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН